6D020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Терекбаева Жазира Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Адамзат өркениетінде қоғамның дамып өзгеруімен бірге көлік құралдарының маңызы арта түсті. Кез келген халықтың материалдық мәдениеті мен шаруашылықты жүргізу қарекетінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – көлік құралдары. Мысалы, ежелден өркениет ошағы болған Шығыс және Ежелгі мемлекеттерінің тарихындағы көлік қатынас құралдарының көне үлгілері әлемдік өркениеттің маңызды жәдігерінің бірі саналады.

Көлік, қатынас құралдарын өзіне мұра еткен қазақ халқы өзінің дәстүрлі шаруашылығында көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығын, сонымен қатар егіншілікті, түрлі кәсіпшіліктерді дамытып, шаруашылықты ұйымдастырудың қыр-сырларын игерді. Дәстүрлі шаруашылық түрлері мен тұрмыс-жағдайды ұйымдастыруда күш-көлік, қатынас құралдарының адам өмірінен, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінен алатын орны зор болды.

XVIII – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі тарихи-этнографиялық тұрғыда отандық және шетелдік этнология ғылымында арнайы тақырып ретінде зерттелінбеген және бірінші рет ұлттық мұраның маңызды бөлігі ретінде ғылыми айналымға енгізілуі өзектілігін анықтай түседі. Зерттеу барысында көпфункционалды әрі көпөлшемді талдаулар жүргізілген. Соның ішінде көліктердің генезисі, олардың түрлерінің классификациясы және көлік құралдарының жасалу әдістері, лексемдері, материалдары, қолдану функциялары, ерекшеліктері, басқа түркі халықтарымен салыстырмалы зерттеулері, сондай-ақ қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығындағы көлік құралдарының алатын орны қамтылған.

Зерттеу жұмысында отаршылдық кезеңіндегі дәстүрлі көлік жүйесіндегі өзгерістер, этномәдени байланыстардың көлік қатынас құралдарындағы көрінісі қамтылған. Қазақстан аймағында қалыптасқан шаруашылық дәстүр, көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа, одан отырықшылыққа ауысу кезеңіндегі ірі бетбұрыстар қарастырылған.

Тақырыптың жан-жақты және кешенді тарихи-этнографиялық тұрғыда зерттелуі «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалармен байланыстылығын айқындайды, онда қазақ халқының өмір салтындағы трансформация әдістері мен дәстүрлерінің зерттелуіне

назар аударылған.

2. Диссертацияларға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің 2, 5, 6 тармағына және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтардың төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесінің көп функционалды және көп аспектілі тарихи-этнологиялық зерттеудің қорытындысы Ж.М. Терекбаеваның диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады және «6D020800 – Археология және этнология» мамандығының төлқұжатына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей он бір нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже. Көлік қатынас-құралдарына қатысты заттай және жазба деректер қоры жинақталып, сарапталып отыр.

Екінші нәтиже. Көлік қатынас-құралдарының тарихи дәуірлердегі қалыптасу генезисін айғақтайтын жартастардағы суреттер, оларға қатысты зерттеулер талданған. Көлік жүйесінің көне түрлеріне ғылыми реконструкция жасалған.

Үшінші нәтиже. Көлік түрлерінің жалпы және ішкі типологиясы берілген.

Төртінші нәтиже. Көлік түрлерінің құрылымы, бөлшектері, олардын атаулары, жасалу технологиясы, материалдарды дайындау жолдары қарастырылған.

Бесінші нәтиже. Қазақтардың дәстүрлі көлік жүйесінің аймақтық ерекшеліктеріне қарай пайдалануындағы айырмашылықтар, ұғымдар мен атаулардың мән-мағынасы анықталған.

Алтыншы нәтиже. Қазақтардың көлік-құралдарының басқа түркі тілдес халықтарының дәстүрлі көлік түрлерімен ортақ белгілері, ерекшеліктері салыстырылған.

Жетінші нәтиже. Жылқы малының ат-көлік ретіндегі маңыздылығы көрсетілген және түйенің күш көлігі ретінде қызметін пайдаланудағы халықтық тәсілдер жүйесі талданған.

Сегізінші нәтиже. Арба, сүйреткі және шаналардың түрлеріне қатысты деректер қоры айқындалған, олардың қолданыстық мәні ашылған. Күйменің тарихи дәуірлердегі түрлері мен қолданыстық қызметіне қатысты деректер мен мәліметтер қоры жинақталған.

Тоғызыншы нәтиже. Алғашқы рет су көліктерінің түрлері, жасалу технологиясы, қолданыс аясы, қолданыстық өңірі, оларды пайдаланудағы ерекшеліктер сипатталған.

Оныншы нәтиже. Көліктердің қиял-ғажайып түрлері, дүниетанымдық кеңістігі, мифтік бейнелер туралы танымдар талданған, фольклорлық мұралары жүйеленген, жосын-жоралғылар мен әдет-ғұрыптық танымдар зерделенген.

Он бірінші нәтиже. Алғашқы рет дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты реконструкциялық сызбалар, фото, визуалдық құжаттар тізбесі берілген.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Докторант Ж.М. Терекбаеваның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты диссертациялық жұмысын жазу барысында алынған нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының шынайылық деңгейі жоғары дәрежеде болып табылады. Оның ішінде:

Бірінші нәтиже. Осы уақытқа дейін археологиялық қазба жұмыстарынан табылған, музей қорларында және халық қолында сақталған көлік қатынас-құралдарына қатысты заттай және жазба деректер қоры арнайы қарастырылмаған. Сондықтан шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Екінші нәтиже. Көлік қатынас-құралдарының тарихи дәуірлердегі қалыптасу генезисін айғақтайтын жартас бетіндегі бейнелер мен оларға қатысты зерттеулерге талдау жасалынғандықтан, түйінделген мәліметтер шынайы болып табылады.

Үшінші нәтиже. Революцияға дейінгі авторлардың мәліметтері, қазақ ағартушылары, кеңес дәуірі мен қазіргі кезеңдегі зерттеушілердің еңбектеріне сүйеніп, далалық материалдарға талдау жасағандықтан ғылыми тұрғыда шынайы.

Төртінші нәтиже. Көлік жүйесінің қолдануы мен атауындағы аймақтық ерекшеліктерін анықтауда XIX-XX ғасырлардағы әдебиеттерді, мұрағат деректерін, Қазақстанның музей қорлары мен фактологиялық сипаттағы далалық материалдарды пайдаланғандықтан шынайы болып табылады.

Бесінші нәтиже. Жергілікті шеберлер қолынан шыққан материалдарды пайдалана отырып, көлік түрлерінің құрлымын, бөлшектерін жасағандығы айқындалды және шынайылығын арттыра түседі.

Алтыншы нәтиже. Түркі тілдес халықтардың дәстүрлі қатынас-құралдарымен қазақтардың дәстүрлі көлік түрлерінің ортақтығы мен айырмашылығы салыстырмалы түрде қарастырылғандықтан, түйінделген мәліметтер шынайы болып табылады.

Жетінші нәтиже. Жылқы малының мініс, ат-көлік ретіндегі қызметі ашып көрсетілген, түйенің күш әрі жүк көлігі ретіндегі қызметі талданған. Олардан алынған нәтижелер көп жағдайда диссертанттың пікірлерін дәлелдей түседі.

Сегізінші нәтиже. Арбалар мен күйменің, сүйреткілер мен шаналардың қолданыстық маңызы ғылыми тұрғыда негізделген.

Тоғызыншы нәтиже. Су көліктерінің, судағы қатынас жолдарды игерудегі маңыздылығы сарапталды;

Оныншы нәтиже. Қиял-ғажайып көліктерге қатысты танымдар, этнофольклорлық мұралар, жосын-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар мұрағат қоры, далалық материалдар, музей коллекциялары және ғылыми еңбектермен дәлелденген, сондықтан шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Он бірінші нәтиже. Дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты визуалды деректер базасы жасалды. Құжаттық құндылығы бар визуалды деректер базасына кешенді түрде талдау жасалғандықтан шынайы болып табылады.

4. Докторанттың диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа. Археологиялық, этнографиялық ретімен, далалық және музей материалдары, жазба деректерінің репрезентативті бірегей ақпараттар қоры алғаш рет жинақталып отыр.

Екінші нәтиже жаңа. Ізденуші «ескілік» әдіспен әр түрлі тарихи кезеңдердегі жартас суреттерін талдай отырып, көлік құралдарының ежелгі тайпалар тұрмысындағы орны мен генезисін анықтаған.

Үшінші нәтиже жаңа. Революцияға дейінгі авторлардың мәліметтерін, қазақ ағартушыларының, кеңес дәуірі мен қазіргі кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерін, сонымен қатар XIX-XX ғғ. далалық материалдарға талдау жасай отырып көлік жүйесінің жалпы және ішкі типологиясын жасаған.

Төртінші нәтиже жаңа. Көлік жүйесінің қолдануы мен атауындағы аймақтық ерекшеліктерін анықтауда XIX-XX ғасырлардағы әдебиеттер, мұрағат деректері, Қазақстанның музей қорлары мен фактологиялық сипаттағы далалық материалдар талданған.

Бесінші нәтиже жаңа. Көлік түрлерінің құрылымы, бөлшектері, олардың атаулары, жасалу технологиясы, материалы, материалдарды дайындау жолдары, көлік үшін табиғатты пайдаланудың дәстүрлі технологиясы айшықталған.

Алтыншы нәтиже жаңа. Алғашқы рет жүйелі компраративистика негізінде қазақтар мен түркі тілдес халықтарының дәстүрлі көлік жүйесіндегі жалпы және ерекше қырлары анықталған.

Жетінші нәтиже жартылай жаңа. Жылқы малының мініс көлігі мен ат-көлік ретіндегі маңыздылығы және түйенің күш көлігі ретінде қызметі талданған.

Сегізінші нәтиже жаңа. Арба мен күймелердің, сүйреткі мен шаналардың аймақтық, маусымдық қолданыстағы ерекшелігі нақтыланған.

Тоғызыншы нәтиже жаңа. Су көлігінің түрлері, оның жасалу технологиялары, қолданыс аясы, қолданған аймақтар мен қолданыстағы ерекшеліктері алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Оныншы нәтиже жаңа. Қазақ халқының көлік жүйесіне қатысты фольклорлық мұралары, аңыздар, ертегілердегі фольклорлық деректер, атау сөздер, ескі сөздер қоры алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген.

Он бірінші нәтиже салыстырмалы жаңа. Дәстүрлі көлік жүйесіне қатысты реконструкциялық сызбалар, фото, визуалдық құжаттар тізбесі жинақталған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ж.М. Терекбаеваның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» атты тақырыпта жазылған диссертациялық жұмысын дербес орындалған ғылыми еңбек деп бағалаймын. Диссертация жұмысы құрылымдық және мазмұндық жағынан жүйелі, ғылыми нәтижелері мен

тұжырымдары жан-жақты негізделген. Зерттеу жұмысында қойылған міндеттер толық шешімін тапқан. Ішкі бірлігі жоғары, толық аяқталған жұмыс деп бағалауға болады.

6. Докторанттың алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталуы.

Диссертациялық жұмыс пәнаралық ғылымдармен (тарих, этнология, археология, фольклористика, лингвистика, материалтану) байланыстыра орындалған және жүйелі зерттелген. Дәстүрлі көлік жүйесі – пәнаралық байланыстағы қызықты, әрі күрделі тақырып болып табылады. Жалпы алғанда қорытындылар, пікірлер мен дәйектемелер жаңа әрі жоғары кәсібилікпен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері:

– тарих бағыты және осы бағытпен пәнаралық ғылымдардың бакалавр, магистр, PhD доктор мамандарын даярлаудағы пәндердің теориялық және практикалық методологиясына пайдалануға болады;

– «Археология және этнология» мамандықтарында оқылатын негізгі және элективті пәндерінен дәріс және практикалық сабақтарында, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына негізгі және қосалқы материал ретінде, жергілікті жерлердегі арнаулы курстарда пайдалануға болады;

– зерттеу барысында келтірілген мәліметтер этнология бағыты бойынша жазылатын, оқулық, оқу құралдары мен ғылыми еңбектерде қосымша құрал, дереккөзі ретінде қолдануға болады;

7. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеуіндегі кемшіліктер.

Диссертация ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талабына сай келеді. Жарияланған мақалалар диссертацияның мазмұнын толық ашады. Енді диссертация жұмысына байланысты айтар ескертулерім келесідей:

1. Диссертацияның мазмұны тек қана бекітілген ғылыми басылымдарда ғана емес, БАҚ беттерінде де, мысалы газеттерде жариялау керек еді.
2. Диссертацияда арбаның макетін жасатып, ұсынуға болатын еді.

Жалпы ізденушінің талаптарға сай орындағанын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді, алдағы уақытта ары қарай дамыту мақсатында ұсыныс ретінде қабылдаған жөн.

8. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкестігі.

Диссертацияның мазмұны терең, түпкілікті аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысы ізденушінің маман ретінде біліктілігі жоғары, ғылыми пікірлері нақты, қойылған мәселені теориялық тұрғыдан шеше алғандығын көрсетеді. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер этнология саласында кеңінен қолданыс табады деп есептеймін. Жоғарыда айтылғандарға сай, Терекбаева Жазира Махмудовнаның «Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі (XVIII – XX ғасырдың басы)» тақырыбындағы диссертациясы толығымен «6D020800 – Археология және

этнология» мамандығына сәйкес келеді, ал докторант аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
тарих ғылымдарының докторы, доцент
ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы
шығыстану институтының
ғылыми қызметкері **Ш.Ж. Тохтабаева**



